**Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі Еңбек ауылының көшесін қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 ақпанда № 6733 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабының 2 – тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 – бабы 4) тармақшасына сәйкес, Еңбек ауылының тұрғындарының пікірлерін және Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 03-18/805 қорытындысын есепке ала отырып, Өрел ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі Еңбек ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

"Таңба" көшесі "Төлеген Рақымжанов" көшесіне.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Катонқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Катонқарағай ауданының әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Ауылдық округ әкімі* | *Е. Кобешев* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК